

## Заңсыз тексерулер: қалай болдырмау және қайда арыздану керек?

### «Qamqog» мобильді қосымшасы

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің «Qamqog» мобильді қосымшасы Сіздің бизнесіңізді заңсыз тексерулерден қорғайтын болады.

- егер сізге тексеру келсе, сіз кез келген мемлекеттік орган тексеруінің заңдылығын тексере аласыз (СЭС, өрт қызметі, салықтық тексеру және т.б.)
- сіздің компанияңызды тексеруге жоспарланған тексеріс туралы алдын ала білетін боласыз.

Мобильді қосымша Android үшін

(<https://play.google.com/store/apps/details?id=com.zerotoonelabs.businesssupport&hl=ru>),  
сондай-ақ iOS үшін қолжетімді (<https://appsto.re/us/tOyoib.i>)

«Qamqog» мобильді қосымшасы қалай жұмыс істейді?

- 1) Қосымшаны өз смартфоньыңызға орнатыңыз
- 2) Тексеру тағайындау туралы актінің нөмірін енгізіңіз (авторизация міндетті емес)
- 3) Тексеріс нысаны мен күні туралы толық ақпаратты
- 4) Бұзушылық болған жағдайда, қосымша арқылы шағым жолдаңыз
- 5) Ұтқыр топ келіп түскен шағымдармен айналысады
- 6) Тексеру күшін жояды және тексерушілер жауапкершілікке тартылады.

Қосымша жоспарланған тексеріс туралы алдын ала ескертеді, ол үшін:

- 1) ЖШС немесе ЖК ретінде тіркелу қажет
- 2) Қосымша баптамасындағы PUSH-хабарламаға тіркелесіз
- 3) Сіздің ЖШС/ЖК жаңа тексеру тағайындалған жағдайда Сізге Push-хабарлама келіп түседі

Сонымен қатар егер де сіздің қандай да бір сұрағыңыз болса, онда сіз Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет қызметкерлеріне қосымшаның онлайн-чатында жаза аласыз, сондай-ақ тексерулер туралы ең өзекті сұрақтарға жауап ала аласыз.

### Қандай тексеріс заңсыз деп табылады?

Тексеру Кәсіпкерлік кодекстің талаптары өрескел бұзылған жағдайларда жарамсыз деп танылады, олар:

- тексеру жүргізу негіздерінің болмауы;

- тексеру тағайындау туралы актінің болмауы;
- тексеру жүргізу туралы хабарлама мерзімдерінің сақталмауы;
- ерекше тәртібі бойынша тексерулер және ішінара тексерулер жүргізу мерзімділігін бұзу;
- тексерілетін субъектіге тексеруді тағайындау туралы актіні ұсынбау;
- мемлекеттік органдардың өздерінің құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша тексерулер тағайындауы;
- тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеу міндетті болғанда, оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарда тіркеместен, тексеру жүргізу;
- тексерулер жүргізу мерзімдерін бұзу.

ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті

тел. 8 (7172) 31-79-74 e-mail: pred3@kgp.kz